



# АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

№3/2014  
сәуір/апрель

## КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ГОРОДА АСТАНЫ

### ЕГЕМЕНДІ ЕЛДІҢ ЕҢСЕСІ БИИК



# МАМЫР

9-11



Əlibek Aсқаров:  
«Өлемде аналогы жоқ құнды дүниелер бізде баршылық»

14-17



Ақмешіт қамалы үшін шайқас

34-36



Умербаева Рамзия:  
«Мы разбудили сердца наших детей»

44-45



Рожденный революционной эпохой становления науки



1

МАМЫР

ҚАЗАҚСТАН

ХАЛҚЫНЫҢ

БІРЛІГІ

МЕРЕКЕСІ



Құрылтайшы: «Атамекен» Қазақстан Қарғасы»  
этно-мемориалдық кешені» МКҚК  
Директор Ү. Д. Мұналбаева

### Редакция алқасы:

Б. Б. Мажағұлов	Астана қаласы Мәдениет басқармасының жетекшісі
Ә. У. Тарази	Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
А. К. Кекілбаев	Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты
Н. Т. Айт	С. Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану мұражайының директоры
А. Р. Умиршина	Астана қаласы Тәуелсіздік сарайының директоры
Б. Г. Аяған	Астана қаласы тарих институтының директоры
А. Ш. Нұразхан	Алтын және бағалы металдары мемлекеттік мұражайының директоры
Ә. Е. Өтегенова	ЮНЕСКО және ИСЕКСО істері жөніндегі бас-хатшысы
Б. Ж. Жүнісбеков	Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің директоры
Н. В. Шиврина	Астана қаласы қазіргі заман мұражайының директоры
Б. К. Оразымбетова	ҚР Мәдени қайраткері, экскурсиялық бюроның ғылыми-әдістемелік жөніндегі басшысы

### Выходные данные журнала

Республиканский научно-познавательный журнал  
«Астана қаласының мәдени мұрасы» - «Культурное наследие  
города Астаны» № 3/2014 г.  
Издается с марта 2014 года  
Периодичность – один раз в месяц  
Журнал выпускается при содействии Министерства культуры и  
информации РК, Управления культуры  
акимата города Астаны.  
Учредитель и издатель ГККП «Этно-мемориальный комплекс  
«Карта Казахстана «Атамекен» акимата города Астаны

Почтовый адрес редакции: 010000, Астана,  
Кургальджинское шоссе, 2/1  
тел.: +7 (7172) 24-31-72  
www.atamekenmap.kz, e-mail: atameken2011@mail.ru

Формат 18,5x28,7  
Бумага мелованная двусторонняя, плотность на 130 г/м<sup>2</sup>  
Обложка формата А4 плотность 250 г/м<sup>2</sup>  
Заказ № 2

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и  
информации Республики Казахстан.  
Регистрационное свидетельство № 14225-Ж от 4 марта 2014 г.  
Мнение авторов материалов может не совпадать с позицией  
редакции. За точность публикуемых сведений  
и цитат ответственность несут авторы материалов. Редакция  
оставляет за собой право редактировать материалы.  
Редакция не рецензирует и не возвращает рукописи.  
Журнал отпечатан в собственной типографии  
Тираж 1000 экз.

## АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ГОРОДА АСТАНЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ

### МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

4	АСТАНА – МӘРТЕБЕСІ БИІК ҚАЛА
6	Бас редактор бағаны
6	Құттықтау сөз. Александр Зарипов
7	Құттықтау сөз. Пак Роза Михайловна
8	Құттықтау сөз. Гагик Мартерасьян
8	М. Өзтүріктің 60 жылдығына орай
9	«Әлемде аналогы жоқ құнды дүниелер бізде баршылық»
12	Памяти верны
14	Ақмешіт қамалы үшін шайқас
18	Әзілің жарасса...
19	Дала театрының тоғысқан тағдыры
21	Скульптура «Мыслитель»
22	«Нағыз қазақ – домбыра»
23	«Astana Piano Passion» – звездопад классической музыки»
24	Сильны национальным духом
26	Киелі сусын қымыз
28	Коллекциялау тарихы: ежелгі кезден күні бүгінге дейін
30	Коллекционирование: от истоков до современности
32	Взгляд из детства
33	Последнему казахскому хану
34	Мы разбудили сердца наших детей
37	Көркем керамика/Художественная керамика
38	Мұражай маманы/Музеолог
40	«Японская весна» пришла в Казахстане
42	Айтулы мерекелер күнтізбесі/Календарь праздничных дат
44	Рожденный революционной эпохой становления науки
46	Бақыт құсы бағындырған белес
47	«Актёрларға басты талап – сенім»
48	«Талантты өнер иесі атанғым келеді»
49	«Бала тәрбиесіне көп мән беремін»
50	«Өнер адамдары теңіз суын кешіп жүрген жандардай»
51	«Бала кездегі қиялшыл армандарым жетелеп келді»
52	Ұлт бірлігі – ұлы байлық
54	Мәдени ақпараттар/Новости культуры
57	План мероприятий на апрель месяц

**Бас редактор** – Әсем Сағиқызы

**Бас редактордың орынбасары** – Ильмира Рафкат

**Тілшілер:** Бағдат Хасенова, Зылиха Салих, Сезім Жүсіпқызы,  
Аслан Есен, Әсем Сағидолла, Дмитрий Николаев, Асель Касымова,  
Мирэль Шарипова

**Дизайнер:** Олжас Кожаметов

**Фотограф:** Болат Байсеитов, Ерсайын Болат, Асхат Асылғазин

# АСТАНА – МӘРТЕБЕСІ БИІК ҚАЛА

Тәуелсіз еліміздің жаңа Астанасын көркейту мақсатында орасан жұмыстар атқарылды. Елорданың әлемнің дамыған қалаларының қатарына қосылғанын сарапшылардың өздері де мойындап отыр. Себебі, жеткен жетістіктеріміз көп, соған қарамастан әлі де межелеген жоспар мен міндеттемелердің алдымызда тұрғаны белгілі. Осыған орай, жақында Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың қатысуымен Елорданы одан әрі дамыту жөніндегі кеңес өткізілген болатын.



инновациялық жобалар жүзеге асырылатынын жеткізді. Елбасынан кейін баяндама жасау үшін сөз алған қала әкімі Иманғали Тасмағамбетов 2008 жылдан бері елордамызды дамыту мақсатында 323 хаттамалық тапсырмалардың 243-і толықтай орындалып, 80 тапсырма іс жүзіне асырылу үстінде және 38 тапсырма Үкіметпен бірігіп жүзеге асырылып жатыр дей келе, өз ойын былайша жалғастырды:

– 2013 жылы қаланың жалпы өңірлік өнімінің көлемі 2,7 триллион теңгеге жетіп, жан басына шаққандағы бұл көрсеткіш 23 мың АҚШ долларын құрады. Өткен жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі 6,7 пайызға өсіп, 263,2 миллиард теңгені құрады. Қазіргі таңда елорданың экономикалық негізін шағын және орта бизнес секторы құрайды. Олар жалпы өңірлік өнімнің 60 пайызын өндіреді. Өткен жылы қаладағы шағын және орта бизнес субъектілері 1 триллион 200 миллиард теңгенің өнімін өндірді. Бүгінде шағын және орта бизнес саласында экономикалық тұрғыдан белсенді қала тұрғындарының 77 пайызы, яғни 316 мың адам еңбек етеді. Келесі жылдан бастап елорда республикалық бюджетке 7,5 миллиард теңге, ал 2016 жылдан бастап 17,3 миллиард теңге қаржы аударатын болады. Яғни, Астана қаласы республикалық бюджеттің доноры болып саналатын алдыңғы қатарлы 4 өңірдің құрамына кіреді.

«Құрметті кеңеске қатынасушылар! Міне, елордамызды бүкіл дүние жүзіне Астана ретінде жариялағанымызға 16 жыл болады. Осы жылдардың ішінде біз қыруар шаруаларды тындырдық. Біз әлемдегі ерекше озық қалалардың бірі ретіндегі елордамызды салдық. Астана бүгінде әдемілігі жағынан да, адамдарға қолайлылығы жағынан да дүние жүзіндегі ең озық қалалардың бірі болып келе жатыр. Қаламыздың гүлденуіне барлық халық, қала әкімдігі, осы отырған барлығыңыз ерекше үлес қостыңыздар. Ол үшін тек қана ризашылық пен рахметімді айтамын. Бұл – бір. Дегенмен, біз ешуақытта істегенімізге тоқмейілісіп тоқтап қалмаймыз, қаламызды одан әрі дамыту жолында барлық жағдайларды жасауымыз керек. Біз елордамызды дүние жүзінің ең көрікті қалаларының, әлемдегі өмір сүруге ең қолайлы қалалардың біріне айналдыруымыз керек», – деді Мемлекет басшысы өз сөзінде.

Бұдан әрі Елбасы қала экономикасына қатысты біршама мәліметтерді келтірді. Мәселен, қаладағы өндіріс өнеркәсібінің көлемі 260 миллиард теңгеге жетіп, 7 пайызға өссе, экономикаға 545 миллиард теңге инвестиция салынып, шағын және орта кәсіпкерлік қарқынды дамуда. Шағын және орта бизнес субъектілері өндіретін өнімдер жалпы өңірлік өнімнің 40 пайызын құрап, шағын кәсіпкерлікке жұмысқа қабілетті қала тұрғындарының басым көпшілігі қатысуда. Өткен жылы қалада 1 миллион 100 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, 4 мектеп, 8 балалар бақшасы және бірқатар денсаулық сақтау мекемелері салынған. Сондай-ақ, Елбасы ЭКСПО қалашығын тұрғызуға байланысты құрылыс нысандарын сала отырып, озық технологияға жауап беретін

Одан әрі қала әкімі елорданың экономикалық дамуы барысында инновациялық индустрияландыру бағытына ерекше басымдық беріліп отырғандығын, осы мақсатта жүзеге асыру барысында Индустриялық парктер аумағында жалпы құны 180 миллиард теңгені құрайтын 49 жоба іс жүзіне асырылса, 19 жоба бүгінде ойдағыдай жұмыс істеп тұрғанын да тілге тиек етті. 2014 жылдың аяғына дейін тағы да 4 ірі кәсіпорын іске қосылып, жалпы алғанда, Индустриялық паркте жоспарланған барлық кәсіпорындар 2016 жылдың соңына дейін толық іске қосылатын болады. Тұрғындар үшін «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы шеңберінде 2013 жылы 3 тұрғын үй кешені пайдалануға беріліп, қазіргі таңда 4 мыңнан астам пәтерден тұратын 11 көп пәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы салынып жатқанын жеткізген қала әкімі соның ішінде 8 тұрғын үй кешені ағымдағы жылы аяқталатынын айтты. Сондай-ақ, 2015 жылы 3 пәтерлі тұрғын-үй кешенінің пайдалануға берілетінін, ал үстіміздегі жылы 9 жаңа мектеп құрылысы салынбақ. Биыл құрылыс мамандарын даярлауға қатысты 1 колледж және энергетика саласының мамандарын даярлайтын тағы бір колледждің құрылысы басталмақ. 2014 жылы

сол жағалауда бір ауысымда 500 адам қабылдайтын амбулаториялық емханалық кешен, сонымен бірге, Ильинка кентінде 2 емхана, Досмұхамедов атындағы көшеде 1 емхана пайдалануға берілмек.

**Х**алықты азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесінде 60 мың тонна көлемінде көкөніс өнімдерін сақтайтын қойма орындары қажет етілетіндіктен өткен жылы 3 қойма құрылысы салынады. Биылғы жылы жалпы көлемі 11 мың тонна көкөніс сақтауға арналған 3 қойма пайдалануға беріледі және жалпы көлемі 13 мың тонна көкөніс сақтауға арналған 3 қойманың құрылысы жүргізіліп және жалпы қуаты жылына 6,9 мың тонна көкөніс өсіруге негізделген 3 жылыжай құрылысы салынады. Сондай-ақ, Иманғали Тасмағамбетов қаланы көгалдандыру және абаттандыру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстарға да жан-жақты тоқталып өтті. Қалаға қажетті автобустар жетіспегендіктен, биылғы жылы 350 жаңа автобус сатып алынбақ. Елордада биылғы жылы 2 коммуналдық автобус паркінің және екінші коммуналдық парк құрылысы 2014 жылдың екінші жартыжылдығында басталады. Сонымен бірге, Астанада жаңа теміржол вокзалы және 2 жаңа автовокзал бой көтереді. Қала әкімі Иманғали Тасмағамбетов ұзындығы 35 шақырымды құрайтын Кіші көлік сақинасының құрылысы қарқынды жүргізіліп жатқандығын атап көрсетті. Оның 20 шақырымы пайдалануға беріліп, 18 жол айрығы және көпір құрылыстары салынды. Кіші көлік сақинасының құрылысы 2016 жылы толық аяқталады.

**Б**ұдан кейінгі баяндама ең маңызды міндеттердің бірі ретінде ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін өткізуге қатысты болды. «ТМД елдерінде алғаш рет өтетін ЭКСПО-2017 көрмесі – Қазақстанның негізгі жобаларының бірі. Көрме Қазақстан экономикасында жаңа кезең болып, инновациялық технологиялар мен индустриялық революцияның жаңа алаңына айналды», – деді одан әрі сөз алған «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Ермағияев. Оның айтуынша, Тіркеу құжаты көрме нысандарының техникалық құжаттарын қамтитын басты жоспар ретінде саналып, жақында Париж қаласында қазақстандық делегация Халықаралық көрмелер бюросының (ХКБ) Атқарушы комитеті отырысында ЭКСПО-2017-нің тіркеу құжаттары бойынша есеп берген. Соның нәтижесінде ЭКСПО-2017 көрмесінің Тіркеу құжатын бірауыздан мақұлданған. Маусымда «Қазақстан» ұлттық павильонының, екі айдан кейін халықаралық тақырыптық корпоративтік павильондардың және тамыз айында ұйымдастырушы кеңсесін, сонымен қатар, қыркүйекте тұрғын үй кешендері құрылыстарын салу қолға алынады. Ол сондай-ақ, желтоқсан айында 25 гектардағы көрме аймағының нөлдік циклін аяқталатынын тілге тиек етті.

Одан әрі кеңесте сөйлеген сөзінде Президент соңғы бес жыл ішінде Астана қаласынан мемлекеттік бюджетке түскен түсімдер екі есе артып, 60 миллиард теңгені құрап отырғандығын және өндірілген өнім көлемін, активтер құнын есептегенде Елорда мемлекет тарапынан салынған шығынды толық ақтағанын жеткізді. Сонымен қатар, Елбасы шетел капиталын тарту жөніндегі жұмыстың ойдағыдай жүргізілмегендігін айта келе: – 2013 жылы инвестицияның жалпы көлемі 540 миллиард теңгеге жеткен, оның ішінде шетел инвестициясы бар болғаны 1,4 миллиард теңгені немесе 0,2 пайызды құрады. Бізде Инвесторларға қызмет көрсететін орталық, Арнайы экономикалық аймақ құрылған. Алайда, шетел инвес-



тицияларын тарту саласындағы нәтиже ойдағыдай емес. Біздің қаламызға көптеген елдердің қызығушылығы бар, көпшілігі қаржы салғысы келеді, бірақ, олар көптеген кедергілерге тап болады. Қалада барлық қызмет түрлерін электронды форматқа көшіру жөнінде жұмыс жүргізілуде. Бұл шетел инвесторларына да қатысты болуы керек, – деді Елбасы.

Астанада жалпы көлемі 15 мың гектарды құрайтын 800-ден астам жер телімі игерілмеген. Нұрсұлтан Әбішұлы осыған қатысты жерді қайтарып алу мен құрылыс жұмыстарын жүргізуге ынталы инвесторларға беру керектігін сөз етті. Сондай-ақ, Елбасы Астананы дамытуға бөлінген қаржыны пайдаланудың тиімділігіне де баса назар аударып, қаланың шеткері аймақтары келеңсіз жағдайда қалмас үшін қала құрамында даму қажеттілігін ескертті.

Нұрсұлтан Әбішұлы елімізде ең жоғары қылмыс деңгейінің өршіп отырғанын да атап көрсетті. Қалада бақылау пункттерін қалыптастыруда 2 миллиард теңге қаржы жұмсалғанымен, қылмыстың ашылуы 1 пайызды ғана құрады. Сол себептен, Елбасы Астананы қауіпсіз қалаға айналдыру туралы міндет қойды. Ал, мәдениет нысандарын пайдалануда қала келбеті қалыптасып, халықты өнерге, музыкаға баулу шаралары жүзеге асырылатынын және әлеуметтік нысандарды барынша тиімді пайдаланылуы қажеттігін де баяндады.

**С**өз соңында, Елбасы ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін ойдағыдай өткізудің маңыздылығына тоқталып, Елорданың әлемнің жетекші қалаларымен бәсекеге түсу мақсаты тұрғандығын айтып өтті. Қазақстан қалаларының бәсекелестікке қабілеттіліктері мен өмір сүру жағдайларына байланысты өмір сүру сапасын бағалау рейтингтерін жақсарту қажеттілігі ескерілді. Астана қаласын 2050 жылы әлемдегі ең дамыған 10 қаланың құрамына кіру міндеті жүктелгенін де жеткізді.

Жиылыста көтерілген мәселелерге байланысты орталық және жергілікті атқарушы органдардың, оның ішінде өкілетті қалалық қызмет орындарының басшылары аталмыш кеңесте түсінік берді.

**Әсем САФИДОЛЛА**

## Қадірлі оқырман қауым!



Бұған дейін мәлім болғандай, «Астана қаласының мәдени мұрасы» республикалық ғылыми-танымдық бағыттағы журналымыз Қазақстан халқының мәдени-рухани ағартушылығын арттыру, рухандырушылық пен мәдениетті түсіну негіздерін қалыптастыра отырып, тарихи және мәдени мұра жауапкершілігіне қарау негізінде оқырманның ой-өрісін кеңейту, мәдени және ізгілікті қоғам құру аясында өз жұмысын бастап кеткен болатын.

Астананың экономикалық әлеуетінің дамуына байланысты Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының қатысуымен өткізілген кеңесте Елорданың әлемнің жетекші қалаларымен бәсекеге түсу қабілеті мен ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін ойдағыдай өткізудің маңыздылығы жайында толығырақ «Астана – мәртебесі биік қала» атты мақаладан оқи аласыздар. Сондай-ақ, Қазақстан қалаларының бәсекелестікке қабілеттіліктері мен өмір сүру жағдайларына байланысты өмір сүру сапасын бағалау рейтингтерін жақсарту қажеттілігі ескеріліп, Астана қаласын 2050 жылы әлемдегі ең дамыған 10 қаланың құрамына кіру міндеті жүктелгені жайлы да айтылады.

1 мамыр – Қазақстан халықтары бірлігі мерекесіне орай елордада орналасқан ұлттық мәдени орталықтарының құттықтаулары да бар.

«Мәдени мұра» айдарында бұл жолы жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Әлібек Асқаровтың төл мәдениетімізді дамыту жолындағы жаңа ізденістері мен игі бастамалары жөніндегі ой-пікірін оқи аласыздар.

Ресейдің отаршылдық саясатының Сыр бойына енуін және оған қарсы жергілікті қазақтардың азаттық күресін жаңа көзқарас тұрғысынан талдай отырып, Ақмешіт қамалын қорғаудағы қазақтардың ерлігін жаңа деректер арқылы баяндағанын «Ақмешіт қамалы үшін шайқас» атты ғылыми-танымдық мақалада кеңінен қозғалады.

Сонымен қатар, еліміздегі мұражайлардың қызметін насихаттау мақсатында «Мұражай педагогикасы», «Мұражай маманы», «Мектеп мұражайы» және «Мекеме мұражайы» (Ведомственный музей), «Жәдігерлер сыр шертеді» (Экспонаты раскрывают тайны) айдарларында көрініс табады. Ал, «Традиция» айдарында ұлттық құндылықтарды ұлықтаушы, публицист Сәдібек Түгелдің мәдени құндылықтарды сақтау мен ұлттық ат спортына байланысты журналымызға берген сұхбатын оқи аласыздар.

Ардақты ағайын! Сіздерді алда келе жатқан 1 мамыр – Қазақстан халықтары бірлігі мерекесімен, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен және 9 мамыр – Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Отбастарыңызға бақ пен береке, еліміздің тыныштығын тілейміз!

Құрметпен,  
Әсем САҒИҚЫЗЫ

После состоявшейся XXI сессии Ассамблеи народа Казахстана мы в своей русской общине обсудили итоги, обратили внимание на тот момент, что выступление нашего Президента Нурсултана Абишевича Назарбаева больше было обращено не к политической стороне, а к экологии, социуму. Нас этот момент волнует, потому что мы часто выступали по ситуации на Каспии. Второй важный момент доклада – указание Президента о применении чиновниками Закона о языках. Считаю, что это своевременно и необходимо. Потому что, не секрет, одна из сегодняшних причин процессов на Украине – языковой вопрос.

Сегодня все этнообъединения страны готовятся к встрече праздника – Дня единства народа Казахстана. Хочу пожелать соотечественникам-казахстанцам быть счастливыми, здоровыми, любить друг друга, уметь прощать друг другу мелкие ошибки и недоразумения. Ведь, к сожалению, в каждом обществе, как и в каждой семье, бывает индивидуум, который мешает жить спокойно. Поэтому я бы предостерег и тех, кто замыслил какие-то экстремистские высказывания по интернету или иные нелицеприятные действия. Хочу пожелать, чтобы в нашем обществе было меньше таких проявлений. Объединив все национальности в единый кулак, Ассамблея народа Казахстана, государство стало мощнее. Опять обращаюсь к Украине. Там ведь не военный переворот ведь произошел, а их вывели на майдан председатели общественных организаций. Важно, чтобы председатели всех этнокультурных объединений продемонстрировали пример дружбы, выполняли стабилизирующую, а не иную роль. О языках. Считаю, что достаточно с детского садика вести занятия и разговаривать на двух языках, потому что дети очень быстро учатся друг у друга и все усваивают! Сам я в Казахстане живу с 1956 года: мне было пять лет, когда отца назначили сюда директором колхоза. Поэтому считаю себя коренным казахстанцем.

Сколько помню, с детства, Первомайский праздник для нашего поколения был одним из самых любимых и светлых. Может мы мало слушали, что там с трибун говорят, но сама весна, пробуждение природы после зимней спячки, когда народ встречается на улицах, дарит друг другу улыбки, цветы, ходит в гости, говорит добрые пожелания, очень радовали.

О людях нашего объединения могу говорить бесконечно. К примеру: судовольствием приходят разные зрители на концерты нашего русского ансамбля «Ладушка», который отметил в феврале 10-летие. Есть в ансамбле композитор Ирина Деева – слепая от рождения. Тем не менее, известна



и за рубежом. Ее песня «Мой Казахстан и ты, Россия» – стала очень популярной в Смоленске. Кстати, вместе с казахским ансамблем «Шанырак» – нашими «небурановскими бабушками» мы тесно сотрудничаем, на каждом плановом мероприятии друг друга выручаем, поддерживаем своим участием. Мы помогаем молодежи, приходящей в ансамбль, после окончания школы продолжить обучение в вузах, в том числе российских. Кстати, наших детей называют там всех казахами, независимо от национальности и считают добросовестными, усидчивыми студентами! Мы ведем работу с этническими объединениями, например, с Коргалжинским районом. Проводим в школах Дни славянской письменности, разыскиваем вместе первоцелинников, сохраняя историю Целины. Кроме культурной деятельности приходится решать и проблемы соотечественников, оралманов. Был такой случай с проживающими в Имантау, разбираемся по заявлению о получении гражданства. Таких заявлений о помощи немало и мы всегда пытаемся откликнуться. Отмечу, государственные органы сразу нам дают ответ на запрос. Со всеми мы сотрудничаем.

Очень важный вопрос, поднятый Президентом на Ассамблее – создание Домов дружбы. Такие дома есть уже в некоторых городах страны, они нужны повсеместно, очень такой нам нужен и в Астане!

Еще раз от всей души поздравляю соотечественников-казахстанцев с нашим общим первомайским праздником дружбы!

Александр ЗАРИПОВ,  
председатель русской общины г. Астаны.



– Наша страна многонациональная, и, несмотря на это, у нас все люди живут в доверии, дружбе и любви между народами. Поэтому, я считаю, огромное значение имеет праздник – День единства народа Казахстана. Этот яркий весенний праздник проводится в каждом городе Казахстана, в нем принимают участие различные культурные центры с целью ознакомить и представить соотечественникам свои обряды и обычаи, а за одним познакомиться с традициями других народов. Традиционная музыка, веселые народные танцы – все это делает первой одним из самых ярких и любимых праздников.

Накануне его наше этнокультурное объединение корейцев при содействии управления по вопросам молодежной политики г. Астаны провело круглый стол на тему «Национальные традиции в воспитании детей и молодежи». Неслучайно эта встреча состоялась в таком близком сердцу каждого гражданина страны и памятном месте, как этно-мемориальный комплекс «Карта Казахстана «Атамекен». Участие в работе круглого стола с удовольствием приняли ребята из разных этнообъединений столицы.

Наверное, и наиболее ярким моментом предстоящего праздника станет этнокультурная выставка, где можно будет увидеть элементы национальной одежды, вышивку, предметы быта и ювелирные украшения, но, самое главное – отведать блюда разной национальной кухни. Этот праздник, я думаю, призван консолидировать все этносы в единый, цельный народ Казахстана.

И еще, это праздник национального согласия и дружбы казахстанского народа. Мы всегда с большим удовольствием отмечаем его с пожеланиями друг другу добра и мира – самого главного достояния и гордости нашего Казахстана!

Поздравляем вас с весенним праздником 1 Мая! Желаем мира, благополучия, здоровья вам и вашим семьям!

Пак Роза Михайловна,  
заместитель председателя корейского  
этнокультурного объединения г. Астаны



– Весной много праздников, а один из таких праздников 1 мая – День единства народа Казахстана. Мы едины и в этом наша сила и успех!

Каждый народ имеет богатую культуру. И наша армянская община уже 12 лет ведет общественно-культурную работу. Хотя я сам руководителем избран недавно, но около десяти лет участвую во всех начинаниях и событиях. Наша задача состоит в том, чтобы показать в первую очередь нашу культуру и связь с родными корнями.

В День единства народа Казахстана я бы хотел поздравить всех с этим замечательным праздником! Желаю всем теплой погоды, хорошего самочувствия и настроения! Чтобы каждый день нам светило солнце, чтобы в мире и дружбе жили народы! А нашим близким – весеннего настроения, душевного тепла, крепкого здоровья, благополучия и взаимопонимания!

Пусть этот праздник остаётся для всех нас вечным символом взаимопонимания и дружбы народов!

А еще хотел пожелать нашему Президенту Нурсултану Назарбаеву долгих лет и поблагодарить за ту политику, которую он ведет на территории нашего Казахстана. Нам в первую очередь нужен мир. Поэтому я хочу пожелать нашим народам только единства и жизни в мире. Я думаю, мы живем в хорошей, прекрасной стране.

Что касается вашего журнала, который вы фактически ведете в общем культурном направлении, от всей души желаю вам интересной и приятной работы, больших творческих успехов и процветания! Пусть он будет доступен для всех читателей.

Гагик Мартерасян,  
председатель армянского национального  
этнокультурного центра «Ван»

## Мұстафа Өзтүріктің 60 жылдығына орай

*Елордада әлемге әйгілі спорт шебері және таэквондо тарланы Мұстафа Өзтүріктің 60 жылдығына арналған Қазақстан-Түркия достық кеші атты концерт өтті.*

Аталмыш концертте Түркия қазақтарының ән мен күйі, Астана мемлекеттік филармониясының Қазақ халық аспаптар оркестрі, Түркия топырағында өмір сүрген белгілі күйші Жармұхаммед пен Сарымолланың мұрасынан күйлер орындалды. Сонымен қатар, сазгер Бешір Ахмет Көсе «Атажұртым» әні мен франциялық қандасымыз Зейнел Өзқалыптың «Сағындым», «Сені қалай ұмытайын» әндерін қандасымыз Ержан Тұнжырмен бірге шырқап, келген жұртты бір тамсындырды.



Қазақтың қара домбырасымен сахнаға шыққан Седат Солақұлы «Қаражорғаның» қадымғы үлгісін шерте отырып, қазақ күйлерін оркестрмен қосыла орындады. Әнші Нұрай Таңабаев «Жұлдыздарды тілейсің бе?» атты Мұстафа Өзтүріктің сөзіне жазылған әнді тұңғыш рет сахнаға алып шықса, Гүлзира Бөкейхан қиырдағы қазақтың әнұранына айналған «Ағажай Алтайды», ал, Зағипа Иманғазиева түріктің «Ескі достарын» қазақ тілінде шырқап өтті.



## Жазушы: «Әлемде аналогы жоқ құнды дүниелер бізде баршылық»



Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен осыдан бірнеше жылдар бұрын «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру қолға алынғаны белгілі. Халқымыздың мәдени мұрасына ден қойған бұл тамаша бастама бүгінде лайықты жалғасын табуда. Осыған орай біз «Мәдени мұра» бағдарламасының жүзеге асуына жауапты болған жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Әлібек Асқаровпен жолығып, аз-кем сұхбат құрған болатынбыз.

– Әлібек Асылбайұлы, сіздің шығармашылық әлемінде өзіндік көркемдік бейнесі бар, иығына жүк арқалай алатын байсалды жазушы екеніңізді дүйім жұрт біледі. Қазыналы қазақ әдебиетіне қосқан үлесіңіз де ұшан теңіз. Олай болса, сіз қалай ойлайсыз, қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі нені көрсетіп отыр?

– Қазіргі қазақ әдебиетінің даму деңгейі, шыққан белес-биігі, қол жеткен табыстары жайында сөз қозғау – жауапты шаруа. Төл әдебиетіміз төңірегінде түрлі пікір де, алуан сын да бар. Себебі, уақыт талабы, замана сұранысы дегенің жеңіл жүк емес.

Әдебиеттің даму тенденциясы көркем сөзбен өмір шындығын жеткізу арқылы көрініс тапса, екінші жағынан ақиқат өмірдегі уақыт, қоғам мен құбылыстардан ажырап өмір сүруі мүмкін емес дер едім. Образды жасаған жазушы шындықтың болмысымен біте қайнасып, одан әрі қиялдан туған әлемге көшіп отырады емес пе?!

Дәл бүгінгі екпінмен келе жатқан қазақ әдебиеті жайлы мен былай дер едім. Жалтақтай бермейік, төл әдебиетіміз ешкімнен кем емес, кенде емес, келешегі бекем, түбінде әлемдік додада өз орнын ойып тұрып алады. Өзіндік қалпы сақталған, іргесі нығайған қазақ әдебиетінің рухы қайратты.

Әрбір жазушының өзіндік жазу стилі, қолтаңбасы, үлгісі болатыны аян. Айтар ойын көркем тілмен әсерлі жеткізе білген жазушы ғана оқырман жүрегіне жол таппақ. Жазушы шеберлігі деп жатамыз. Жазушының шеберлік шыңына жетуі қияметті жол. Шынайы сұлулықты, әсірелі әсемдікті ойлы көзбен көре білу, сезімнің талғамды түйсігімен суреттей білу – таланттарға ғана тән. Көркем сөзді

кемеліне көтеріп, оқырман сезімін селт еткізер сурет сала білген қаламгер шын бақытты. Ондай бақытты бәріміз арман етеміз.

– Жұрт сізді қоғамда кездесер келеңсіздік пен кемшілікті астарлы әзілмен әдемі бейнелейді деп жатады. Осы сөз қаншалықты рас? Бізде қазақы қалжың, құрдастардың әзілі деген сияқты дүниелер жеткілікті ғой. Сіздіңше, қазіргі таңдағы қазақи әзіл өз деңгейін түсіріп, төмендетіп алған жоқ па?

– Әзіл деген – ауыз әдебиеттің бір түрі ғой. Біздің қазақ ежелден тапқыр сөзге құмар болған. Сөзге тоқтау, сөзге құлақ асу деген әдет қанымызға сіңген қасиет. Содан ба, қаламгерлер арасында әзіл-қалжың әлі де жеткілікті. Әлі есімде, тоқсаныншы жылдың бас кезі. Мен «Өнер» баспасында бас редактор қызметінде жүрген болатынмын. Бір күні Сырбай Мәуленов ағамыз гүжілдеп келіп, бір бума қағазды тастап кетті. Ақселеу Сейдімбек екеуміздің «Білім және еңбек» журналында қызметте жүргенде «...деген екен» атты шағын әңгімелерді тиіп-қашып жинап жүретінімізді білетін. «Мыналарды өңдеп, кітапша етіп шығарсаңдар» дегендей Сырағаң өтініш тастап кетті. Міне, «Деген екенді» шындап жинақтау Сырағаңның осы өтінішінен басталып, «Өнер» баспасынан алты кітапша шығардық. Атап айтар болсам, Мұзафар Әлімбаев, Ғафу Қайырбек, Ақселеу Сейдімбек, Қадыр Мырза Әлі, Әзілхан Нұршайықов, Төлен Әбдіков секілді ағаларымыздан әзіл әңгімелер жинауға кірістім. Қаламгерлер көңіл түкпіріндегі сыр сандықтарын ақтарып, құрдастары, әріптестері жайында көрген-білгендерін айтып беріп жатты. Өткен замандардағы халқымыздың аяулы азаматтары,

асыл тұлғалары туралы естеліктерін баян етті. Соның бәрін жуықта тағы бір қарап, толықтырып, «Әдебиет әлемінің әзілдері» деген атпен «Фолиант» баспасына кітап етіп тапсырдым.

– Сіз бірқатар лауазымды қызметтерді атқардыңыз. Ұзақ уақыт «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қызмет жасадыңыз. Осы қызметіңізден не ой түйдіңіз? Мәдени мұра ұлттың мұратына айналу үшін біздің қоғамға не қажет деп ойлар едіңіз?

– 2004 жылдан бастап 2012 жылды қоса «Мәдени мұра» бағдарламасының жауапты хатшысы қызметін атқардым. Қазақтың мәдени мұрасына байланысты тарихы мен ақтаңдақтар жайлы біраз мағлұматтар жинақталды. Мәдениеттің тарихы мен этнографиясына да қатысты көптеген дүниелер ретке келтірілді. Мұраны жинау бар да, мұраландыру бар. Яғни, оны іске асыру қажеттілігі туындайды. Мәселен, мамандар Ресей, Византия, Қытай, Арабия және т.б. шет мемлекеттерінен алынған тың деректер қазақтың тарихын жаңаша қарап, толықтыруға себін тигізетін құнды құжаттар деседі. Алайда, осы бағытта жұмыс жасау барысы сәл тоқтаңқырап тұр. Себебі, бұл ұзақ сараптауды, жан-жақты зерттеуді талап ететін күрделі әрі қомақты жұмыс. Шүкір, бәрі де кітап күйінде жинақталды. Енді оларды оқулықтарға, ғылыми айналымға енгізу шаруасы тұр. Қалай болғанда да, мәдени мұрасын біздей жинақтап, оны іске асырған бағдарламаны ешбір елден естімедік.


«Мәдени мұра» – Елбасының идеясы. Алғашқы кезде бұл бағдарламаға нені енгізу керектігін білмей тосылғанымыз есімде. Сол кездегі Мәдениет министрі, білімдар азамат Мұхтар Құл-Мұхаммед бағдарлама жасауға өзі бас болып кірісіп кетті. Тұжырымдамасын жасатты, бағыт-бағдар берді. Министрліктің қызметкері Асқар Смағұловты Мәскеуге екі мәрте іссапарға жіберіп, қап-қап кітаптар алдыртты. Ғалымдармен кеңесіп, мамандармен пікірлесті. Осылайша, жұмыс жоспары жасалынды. Атап айтар болсақ, «Әлемдік тарихи ой сана» 10

том, «Қазақстан тарихы IX-XVII ғасырлардағы араб дереккөздерінде» 3 том, «Әлемдік философиялық мұра» 20 том, «Әлемдік әлеуметтану ой-санасы», «Экономикалық классика» 10 том, «Әлемдік психология ой-санасы» 10 том және т. б. кітаптарды шығару жоспарланды. Бізге дуалы ауыз жазушылармен, Әдебиет және өнер институтымен, Жазушылар одағымен кеңесе отырып, әлемдік көркем әдебиеттің классикалық 100 томын енгізу, энциклопедиялық анықтамалық әдебиеттерді нақтылау тапсырылды. Осы жоба негізінде «Бабалар сөзі» деген атаумен жүз томдық десте шығару жоспарланды.

Мен Ульяновск еліне іс-сапармен барғанда «Бабалар сөзі» деген атаумен қазақ фольклорының жүз томдығы шығып жатыр» дегенімде, олартаңқалды. Артынша Болгариядан келген профессор әйел маған жақындап келіп: «Жүз томдық дедіңіз, қателескен жоқсыз ба?» – деп қайта сұрады. Көрдіңіз бе, жүз томдық дүние жинау үлкен дүние, зор мақтаныш екенін осыдан ұғуға болады.

– «Мәдени мұра» бағдарламасының рухани-мәдени өмірімізге тигізген зор шапағатының бірі – ғылымға нақты қолдау жасалғаны екені белгілі. Жаңаша ізденістер мен зерттеу жобалардың арқасында отандық ғылым кеңістігі ерекше бағалы еңбектермен толықты. Осы бағытта да ой-пікіріңізді білдірсеңіз.

– Бағдарлама қолға алынғаннан бастап көптеген мамандарға жұмыс табылды. Қаншама ғалымдар шет елдерге шығып, зерттеу жұмыстарымен айналысты. Жан-жақта шашырап жатқан дүниелерді бір жүйеге келтіріп, жинақтау да оңай шаруа емес екені белгілі ғой. Орталық қана емес, облыстарда да «Мәдени мұра» аймақтық бағдарламалары жасалып,



жүзеге асып жатты. Бұл еліміздегі үлкен серпіліс еді. Төл мәдениетімізді дамыту жолындағы ізденістер бір жылмен де, он жылмен де тоқтамақ емес, ол мәңгілік. Демек, бұл бағыттағы жұмыстар тоқтамай жалғасын таба бермек.

Шүкір делік, ғылымның әр саласынан белгіленген көптомдықтардың барлығы бүгінде жарқырап шықты. Қалың оқырманның көз қуанышына айналған бұл кітаптар Қазақстан ғылымының игілігіне айналды. Археологиялық қазба мұралары да, этнографиялық экспедиция материалдары да жинақталып, нақты жүйеге түсті. Қазақтың талайлы тағдырында айшықты орны бар көптеген тарихи-мәдени нысандар қалпына келтірілді. Қол жеткен жетістіктердің ішінде әлгінде айтқан «Бабалар сөзі» кітабы халқымыздың рухани мұрасына айналды. Бұл – мемлекетіміздің мәртебесі мен абыройы, қазақ халқының баға жетпес қазынасына, келер ұрпаққа мұра ретінде қалады.

– Ғұмыры ұзақ туындыларды дүниеге әкелу оңай шаруа емес екені белгілі. Адам жады ешқашан ескермейтінін ескерсек, сіздің шығармаларыңыз оқырманның көңілінен жиі шығып жатады. Әртүрлі тақырыптарға арнап жазған әңгіме-повестеріңізді жазуда басты кезекте нені ескересіз? Қазіргі заманның жазушылық стилі сізді толғандырады ма?

– Қазір біз не жазсақ та, алдымен ақпарат заманында өмір сүріп жатқанымызды ұмытпасақ деймін. Қазір трилогия, тераология жазып, оны оқыта қою қиын. Кірпіштей роман жазудың да қажеті шамалы сияқты. Мүмкіндігіңше, айтар ойыңды шұбатпай, нақты, көркем, әрі шағын күйінде жеткізген жөн бе деймін.

Мен ойлаймын, әдеби-мәдени өміріміздегі жарқын жаңалықтың мағынасын түсініп, тереңіне бойлап, бір түйіндеп алғанымыз өзімізге жақсы. Ең бастысы – әлемде аналогы жоқ құнды дүниелер бізде баршылық. Әттең, бізде насихат жағы кемшін, шетелге аудару жоқтың қасы.

– Таусылмайтын азық саналатын кітап оқу ісіне қатысты не айта аласыз? Оқырманның кітап оқуы төмен дәрежеде деген түсінікке қалай қарар едіңіз?

– Кітап оқу азайып бара жатқаны рас. Бірде Қарағандыда кітап оқу жарысы болып, кеше ғана дүниеден өткен Фариза Оңғарсынованың 80–90 өлеңін жатқа айтқан бала барын естідім. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхана біраз жылдан бері «Бір ел – бір кітап» акциясын өткізіп келеді. Ол акция бүгінде еліміздің кітапханалары ғана емес, көптеген мектептерінде, түрлі ұжымдарда, тіпті әскери бөлімдерде де қолдау тауып, өткізілуде. Мұндай игі бастамалар кітап оқытудың тиімді формасы, өміршең үлгісі деп санар едім. Жастардың рухани дүниесін байытатын осындай іс-шаралар көбірек болып тұрғаны дұрыс. Рухани байлық кітап оқу арқылы, соның ішінде көркем әдебиетті оқу арқылы келеді.

Ғылыми әдебиеттер адамға ми арқылы жетеді. Көркем әдебиет жүрекке тиеді. Кибернетиканы оқып отырып, жылап отырған адамды көрдіңіз бе? Жоқ, әрине. Көркем әдебиеттегі шығармалар адамдарды біресе жылатады, біресе күлдіреді, біресе ой салады. Кітап оқымағанның салдары рухани жұтаңдыққа апарады деуіміздің бір сыры осы. Ал, ғаламтор арқылы алынған дүние рухани баюға жатпайды.

– Әр қаламгердің өзіне жақын шығармалары болады. Солардың ішінде қандай шығармаларыңызды ерекше атар едіңіз?

– Мен көбіне Жапон, Норвегия, Латын Америкасы жазушыларының жазғандарына әуеспін. Соңғы кездері орыс әдебиетінің классигі Виктор Астафьевті қайта оқып жүрмін. Астафьев, Распутин, Айтматовтарға қайтып оралған сайын таза ауамен демалғандай, елге барып қайтқандай әсер аламын. Кейінгі жазған шығармада солардың әсері бар, «Алтайда алтын күз еді» деп аталады. Сосын ба, әзірге сол повесім өзіме ыстық көрінеді. Мен әр шығармама өмірде болған оқиғаны тірек етіп аламын. Мәселен, үйді салу үшін оның төрт діңгегін тұрғызу керек болады. Ал, шығарма жазу үшін әлгіндей діңгектің тым болмаса екеуі болғаны дұрыс. Өмірде өзің жақсы білетін, көрген дүниеңді негізге алып жазсаң қателеспейсің, сенімсіз оқиға, жалған сөзге бармайсың. Алтай туралы көп жазуымның себебі, Қадыр Мырзалиев менің «Мұнар тауды, мұзарт шыңды аңсадым» атты жолжазба кітабымды оқып, өзін Алтайға апаруымды сұрады. Ретін тауып, бір жазда ақын ағамды алып бардым. Арада оншақты күн жүріп, қайтар сәтте ұлы ақын былай деді: «Мен Алтайды бұл ғұмырымда көрмей өтсем, өкініш болады екен».

– Сұхбатыңызға рахмет!

**Сұхбаттасқан  
Әсем Сағиқызы**



Музей истории органов прокуратуры Республики Казахстан начал свою работу 6 мая 2010 года. Его открытие было приурочено к знаменательной дате – 65-летию Победы в Великой Отечественной войне 1941–1945 годов. Как отметил в ходе торжественной церемонии открытия занимавший в те годы пост главы высшего надзорного органа страны Кайрат Мами: «Наше прошлое – это наша история, ее нельзя забывать, мы должны помнить подвиги старшего поколения».

## Памяти верны...

Вся работа учреждения выстроена в соответствии с этой концепцией вечной памяти, бережного и уважительного отношения к истории родной земли и людям, посвятившим свою жизнь служению Отечеству и народу.

Примечательно, что прежде, чем попасть в музей, посетители проходят по своего рода галерее – широкому и светлому коридору, где вывешены стенды, повествующие о деятельности генеральных прокуроров КАССР Шафхата Бекмухамедова, Мырзагула Атаниязова, Ныгмета Нурмакова и др. Не менее насыщенную информацию о высшем надзорном органе республики предоставляют и видеофильмы, которые демонстрируются с широкого экрана здесь же, у входа в музей.

Невзирая на короткий период существования, Музей Генеральной прокуратуры в настоящее время имеет солидный фонд. Он, подобно живому организму, растет ежечасно, ежедневно, его архивы неустанно пополняются все новыми историями. Именно историями, ведь каждая картина, фотография, альбом, книга, газетная вырезка, документ, награда – это свидетель своего, времени и немой только лишь на первый взгляд. Но стоит человеку вступить с ним в диалог, как он оживает

и начинает свой рассказ о подвигах ценою в жизнь, о радости побед и горечи поражений, о братстве и дружбе, о беззаветной любви к Отчизне. Эти истории можно неустанно перечитывать, пересматривать, перелистывать, и каждый раз будет словно первый.

Композиция музея выстроена строго в хронологическом порядке, охватывая широкий временной диапазон, начиная с эпохи основания Казахского ханства (когда появились первые законодательные акты Великой степи: «Қасым ханның қасқа жолы» Касым хана («Особый путь Касым хана»), «Есім ханнын ескі жолы» Есим хана («Старый путь Есим хана»), «Жеті жарғы» Тауке хана («Семь установлений») и заканчивая современностью.

Музей включает семь разделов.

В первом посетители могут ознакомиться с указами, решениями, принятыми по тем или иным тяжбам, мудрыми изречениями казахских ханов и биев: Керей, Жанибека, Толе, Казыбека, Айтеке, Монке и др.

Следующий раздел посвящен трагической странице в истории казахского народа – годам массовых репрессий.

В 1937–1938 гг. жестоким гонениям были

подвергнуты многие государственные и общественные деятели Казахстана, одним из которых был основатель органов прокуратуры Казахстана Сулеймен Ескараев. В 1936 г. его назначили первым прокурором отделившейся от Наркомюста прокуратуры республики. С. Ескараевым был подписан первый приказ об образовании прокуратуры республики. В 1937 г. он стал первым заместителем председателя Совета народных комиссаров КазССР. В 1937 г. в ходе 1-го съезда КП(б) Казахстана в адрес С.Ескараева прозвучали необоснованные тяжкие обвинения, после чего в том же году он был приговорен к смертной казни.

Лишь спустя 19 лет доброе имя честного человека было восстановлено – 5 ноября 1957 г. решением Военной коллегии Верховного Суда С. Ескараев был реабилитирован посмертно.

В третьем разделе размещены экспонаты времен Великой Отечественной войны.

В годы ВОВ в рядах советских войск было немало прокурорско-следственных работников. Многие из них отдали жизнь за свободу и независимость родной земли. Погибшие на поле боя народные следователи прокуратуры Нуркен Абдиров (в 1943 г.) и Муса Баймуканов (в 1945 г.) были удостоены высокого звания Героя Советского Союза.

Период послевоенный, и до обретения Казахстаном независимости охватывает четвертый раздел.

Вслед идут экспозиции, посвященные эпохе суверенитета и личностям, внесшим существенный вклад в становление казахстанской государственности: Первый Президент РК Нурсултан Назарбаев, от первого Генерального прокурора независимого Казахстана и до действующего главы высшего надзорного органа и др.

Здесь же представлены научные труды сотрудников органов прокуратуры, корифеев отечественной юридической науки.

На отдельном стенде приведена информация о работе подразделений Генеральной прокуратуры РК.

Последний пункт экскурсии по музею – экспозиция, где собраны сувениры, преподнесенные в дар органам прокуратуры от зарубежных коллег, гостей, международных делегаций ближнего и дальнего зарубежья.

Музей имеет богатую портретную галерею руководителей прокуратуры разного периода, прокуроров-участников Великой Отечественной войны, ветеранов надзорного органа. Многих из них уже нет в живых, однако жива память об этих легендарных личностях.

Помимо различных документальных



источников на обозрение выставлены униформа, личные предметы прокуроров (перо, первая пишущая машинка, книги, очки).

Особое внимание гостей привлекает уникальная электронная книга, которая «рассказывает» об истории становления и развития юриспруденции в Казахстане, деятельности органов прокуратуры. Путем свободного доступа каждый желающий может увидеть первых руководителей Генеральной прокуратуры, а также прокуроров областей, городов, районов и сотрудников, ознакомиться с их ежедневной трудовой и общественной деятельностью.

В настоящее время работу музея ведут заведующий Музеем боевой и трудовой славы сотрудников органов казахстанской прокуратуры Ерболат Карабалал и главный специалист отдела технического обеспечения Управления материально-технического обеспечения при Генеральной прокуратуре РК Саттыбек Корганбеков.

Настоящее невозможно без прошлого. Музей Генеральной прокуратуры призван восстановить и сохранить наследие, характеризующее наиболее яркие вехи в истории ведомства, знаменуя связь времен и преемственность множества поколений прокурорских работников. Это назидательный урок потомкам, летопись, в которую со временем будут вписаны имена наиболее достойных сотрудников прокуратуры. Сохраняя историческое наследие, Музей Генеральной прокуратуры РК способствует воспитанию прокуроров в духе верности закону и гордости за избранную профессию.

**Айгуль ТУРГАНБАЕВА,  
Асель КАСЫМОВА**

Мақалада автор Ресейдің отаршылдық саясатының Сыр бойына енуін және оған қарсы жергілікті қазақтардың азаттық күресін жаңа көзқарас тұрғысынан талдауға алады. Ресей әскерлерінен Ақмешіт қамалын қорғаудағы қазақтардың ерлігін жаңа деректер арқылы ашып көрсетеді. Сонымен бірге, бұрынғы кеңестік оқулықтардағы Ақмешіт, Түркістан, Жөлек т. б. қалаларда Қоқан бектері басқарған өзбектер, сарттар, түркімендер және тағы басқа да Орталық Азия өкілдері тұрып, кейін патша әскерлері келгенде осы қалалар үшін соғысып, қазақ халқы қалалардың сыртында көшіп-қонып және Қоқан бектеріне алым-салық төлеп, бұл қалаларға еш қатысы болмағаны жөнінде деректер көрсетілген. Яғни, Кеңес идеологтары біздің санамызға бұл қалалар қазақтар үшін мүлдем жат, оны кім жаулап алса да бәрібір болған дегенді жаттанды еткен бұрмалаушылықтарды ғылыми негізде айқындайды. Сондықтан да, Сыр бойындағы азаттық көтерілістерді саралап, кең мағынада ашып көрсету үшін әлі де зерттей түсу қажет деп есептейді.




## Ақмешіт қамалы үшін шайқас

**Әмірғали Күшекбаев,**  
*Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми хатшысы*

**Мақсұт Аймаханов,**  
*Н. Бекежановтың мемориалды өнер музейінің ғылыми қызметкері.*

XIX ғасырдың II жартысынан бастап Ресей империясы бүкіл Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны жаулау үшін өз әскерін даярлай бастады. Өйткені осы өңірлерді толық басып алу арқылы патша өкіметі бірнеше стратегиялық жағынан маңызы бар жоспарларын жүзеге асыра алатын еді. Яғни, қазақ даласы капиталистік қатынастарға өте бастаған Ресей экономикасы мен нарығына қажетті ең бай шикізат қоры және арзан тауарларын өткізетін орын болып табылды [1, 118 б]. Әсіресе, патша өкіметі мен орыс буржуазиясын табиғат байлықтары мен мал өнімдерінің шикізатына өте бай Түркістан өлкесі аса қызықтырды. Ондағы мақта және мал өнімдері Ресей мануфактурасына ең қажетті шикізат көздері еді. Ресей империясы Шығыстан шикізат көзін іздестірумен қатар, қазақ даласы арқылы сауда жолдарына бақылау жасауға ұмтылып, Азиядағы сауда-саттыққа үлкен мән берілді. Осыған байланысты сол кездегі деректерде «Азиямен сауда жүргізу Ресей үшін ұлы мақсат»- деп атап өтіледі [2, с.213].

Ал, Ресей империясының Кіші жүз қазақтарын бағындыра отырып, Сыр бойына емін-еркін енуіне Хиуа хандығы негізгі тосқауылға айналды. Өйткені патша өкіметінің Сырдария мен оған іргелес жатқан қазақ жерлерін жаулаудағы стратегиясы мен тактикасы Хиуа хандығының мүддесіне қарама-қайшы келді. Сондықтан патша әкімшілігі Хиуа хандығымен арадағы қарым-қатынастарды қасақана шиеленістіріп, оған қарсы әскери жорықтар ұйымдастырады және Орынбор бағытынан оңтүстікке қарай кіруге әрекеттер жасайды. Сондай-ақ, патша өкіметі қазақтардың ру билеушілері арқылы Хиуаның қазақ даласындағы ықпалын әлсіретуге тырысады. Осы мақсатты көздеген патша әкімшілігі қарамағындағы қазақтардың ру басшыларына Хиуа хандығының билігін мойындаған қазақ ауылдарына барымта жасауға және одан түскен олжаны өздеріне қалдыру туралы көптеген нұсқаулар береді [3, с.53]. Әсіресе патшалы Ресейдің Сыр бойына



қарай ұстанған бағытының нәтижелі болуына және Хиуа хандығының әлсіреуіне 1833 жылы В. А. Перовскийдің келуімен күшейе түсті. В. А. Перовский хиуалық көпестерді қасақана тұтқынға алып, екі елдің арасын шиеленістіреді. Көпестерді тұтқынға алуы және саудаға тиым салуы Хиуаның экономикасына соққы болып тиеді.

Сол уақыттары Қоқан хандығы патша өкіметінің қазақ даласы мен Орталық Азияға қауіп төндіруіне байланысты оған қарсы тұру үшін және жергілікті қазақтарды өз ықпалында сақтап қалу мақсатында Сыр бойына Ақмешіт бекінісімен қатар Жаңақорған, Жөлек, Ақмешіт, Күмісқорған, Шымқорған, Қосқорған, Дінқорған және тағы басқа да бекіністер тізбегін салып, Ақмешіт бекінісін осы бекіністердің орталығына айналдырды. Ақмешіт бекінісі бастапқыда Сырдың сол жағалауына салынып, кейін сауда керуендерінен салық жинауда қолайсыз болғандықтан өзеннің оң жағалауына көшіріледі [4, с.96]. Бекініс екі қорғанмен қоршалып, сыртқы қорғанның аумағы 12 шақырым, биіктігі 7 аршын, 3 қақпасы болды және жан-жағы екі сажын суға толған ормен қоршалды.

Патша өкіметінің алдына ұсынған В. А. Перовскийдің жобасында Ақмешіт бекінісіне зор мән беріліп, оның маңыздылығын былай көрсетеді: «Орынбор қазақтарын әкімшілік жағынан басқаруда кең мүмкіншіліктер туады. Сырдарияның орта ағысында нық орнауымыз арқылы біз Орта Азия хандықтарына жақындай

түсеміз. Сыр өзені мен Ақмешіт Орта Азиямен саяси және сауда қарым-қатынасында негізгі тірек болары сөзсіз» [4, с.194]. Патша өкіметі В. А. Перовскийдің жобасын мақұлдағаннан кейін, ол жаңа аймақтарға барлау жұмысын жүргізуге топограф Голов басқарған 80 адамнан тұратын топты 1852 жылы 18 сәуірде Сыр бойына аттандырады. 1852 жылы 18 сәуірде барлауға шыққан Головтың әскери тобына Орынбор генерал-губернаторы В. А. Перовский Сырдарияның оң жағалауынан жоғарыға қарай Қоқанның Ақмешіт бекінісіне дейінгі жерлерді картаға түсіруді міндеттейді. Ал бұл кезде, яғни, 1852 жылы сәуір айында патша өкіметінің қаупі анық төне бастағасын Ақмешітке 2000 қоқан әскері келген еді. Оның 400 сарт болса, 1600 қазақтар болған. Сарттар Ташкенттің бегі Ешмұхаммедке бағынса, қазақтар Ақмешіттің елбегі Абдуали бекке бағынған. Бұл әскердің құрамында Кенесарының ұлдары Тайшық, Осман, Кенесарының ағасы Саржанның ұлдары Қошқарбай мен Иса болған. Бекіністің өзінде 8 зеңбірек болған.

Алайда бұл әскерлердің барлығы бекініске орналастырылмады. Өйткені бекініске 1000 адамның өзі көптік ететін [5, с. 12]. Міне, қоқандықтардың осы күші поручик Головтың алдына қойған мақсатына жеткізбейді. Ақмешіт бекінісіне 80 шақырым қалған кезде Ақмешіт түбінде тұрған қоқан әскерлері поручик Головқа өз өкілдерін жіберіп, олардың үзілді-кесілді тоқтауын және кейін қайтуын талап етіп, егерде бұл талап орындалмаған жағдайда күш

қолданатындығын ескертеді. Осы жағдайдан кейін барлау тобы Қызыл Жыңғыл шатқалына дейінгі жерлерді картаға түсіріп, Райым бекінісіне оралады [5, с.13]. Поручик Голов басқарған барлау топтарының сапары сәтсіз аяқталса да Орынбор генерал-губернаторы В. А. Перовский сол жылы қайтадан полковник И. Бларамбергтің басшылығымен ірі әскер жасақтап, оған тек барлау жұмысын жүргізіп қана қоймай, мүмкіндік болса Ақмешіт бекінісін басып алуды тапсырады [6, 94 б]. В. А. Перовскийдің нұсқауын орындауға шыққан полковник Бларамберг 1852 жылы 3 шілде күні 30 күнге жететін азық-түлігін алып, 3 зеңбірегі бар 300-ден астам әскерді бастап жорыққа шығады да 18 шілдеде Ақмешіт бекінісіне жетеді. Олар шілденің 20-да таң алдында әрқайсысы 100 адамдық екі колоннаға бөлініп, бекіністі шабуылдайды [6, 95 б].

Алайда, басым бөлігі қазақтардан тұратын қоқандықтардың негізгі күші бекініске дер кезінде көмекке жетіп, жауға қарсы шабуылға шығады да орыс әскерлерінің 15 адамын өлтіріп, 57 адамын жаралайды. Ауыр шығынға ұшыраған орыстар 23 шілдеде кейін қарай шегінеді. Бірақ, полковник Бламберг Ақмешіт түбінде тас-талқан болып жеңілгенімен, Сырдарияның негізгі бөлігін зерттеп, оны картаға түсіреді және жолында жатқан қоқандықтардың Күмісқорған және Шымқорған бекіністерін талқандап кетеді [6, 96 б].

Орынбор генерал-губернаторы В. А. Перовский болса Полковник Бларамбергтің Ақмешіт түбінде талқандалғанына қарамастан жорық кезінде жеткен осы табыстарына жоғары баға беріп, 1852 жылы 15 қыркүйекте Сібір корпусының командиріне былай деп хат жолдайды: «...Бұрын белгісіз болған Қараөзек пен Жамандарияның зерттелуі – бұл аймақтың қоныстануға өте қолайлы екендігін көрсетті. Егер де орыс әскері осы аймақтарда жеңіске жетсе, қазақтарға деген саяси ықпалымыз күшейе түседі». Алдыңғы екі жорықтан мол сабақ алған және құнды барлау мәліметтер жинап, оған талдау жасаған Орынбор генерал-губернаторы В. А. Перовский Ақмешітті алу үшін алдымен Сыр бойына бірнеше бекіністер салу қажет деген қорытындыға келіп, патша өкіметіне мәлімдеме жасайды [5, с.12].

Патша әкімшілігінің бұл қорқынышы шындыққа жақын еді. Өйткені, Сыр өңірінің қазақтары өздерін жаулау шыққан патша әскерлерінің жорығына барынша зиян келтіріп, оны әр түрлі амалдармен тоқтатуға тырысты. Тіпті, жергілікті тұрғындар патша әскерлеріне Ақмешітке баратын оңай жолды көрсетуден бас тартқан. Мәселен, 1854 жылы 8 қаңтардағы Сырдария шебінің қолбасшысына жіберген Орынбор генерал-губернаторы

В. А. Перовскийдің нұсқауында былай делінген: «...Ал Досбол би осының алдында да бізге оң пейілін көрсетпеген болатын. Сұлтан басқарушылардың талабы бойынша оған Ақмешітке баратын жолдарды көрсет деген кезде, ол және оның руластары Жөлектің маңында көшіп жүрсе де, жолды білмейтіндігін айтып, жол көрсетуден бас тартты» [6, 64 б].

Патша өкіметі бұл әскери іс-шараға жоғары деңгейде дайындалғаны соншалықты, оған сол уақыттағы орыс әскерінің барлық түрлері: жаяу әскер, атты әскер, зеңбірек батареялары, инженерлік топ, саперлік бөлім, казактар және әскери флотилия кірген. Жорыққа кейін тағы да 2 обер-офицер мен 158 жауынгер қосылып, жорық әскері 1068 түйеге артылған азық-түлікпен қамтамасыз етілген [7, с.135]. Бутаков бастаған «Перовский» кемесі мен «Обручев» баркасы қосымша күш ретінде Сырдария өзенімен жорық әскеріне ілесіп жүзген. Дегенмен жорыққа алып шыққан әскердің азық-түлігі санаулы күнге ғана жететін болғандықтан, В. А. Перовскийдің бекіністі қоршау арқылы бағындырмақ болған жоспары іске аспады. Оған қоса бекініс маңайындағы қазақтар да басқыншыларға мал мен жем-шөп сатудан бас тартты. Қалыптасқан жағдайды талдаудан өткізген В. А. Перовский енді шешуші шабуылға көшпесе, онда жағдайының мүшкілге айналатынын біліп, 1853 жылы 8 шілдеде барлық батареялардан бекініске қарай оқ жаудыруға бұйрық береді. Бекіністі қорғаушылардың ерліктері сонда, олар жаудың күші әскери техникалық жағынан да, адам саны жағынан да көп басым болғанына қарамастан, ұзақ уақыт төтеп бергені былай тұрсын, патша әскерлерінің зеңбіректерден атқылауына қарсы шабуылмен жауап беріп, бірнеше орыс әскерін өлтіріп кетеді. Бекіністі қорғаушылардың ерлігіне В. А. Перовскийдің өзі де таң қалып, Булгаков деген досына жазған хатында ол былай дейді: «Бекіністегі 300 адамды өз еркімен берілуге мәжбүр ете алар емеспіз» [8, с.107].

Ақмешіт бекінісін қорғаушылар өз күштерінің әлсіздігіне қарамастан, орыс әскерімен үш аптадан аса аянбай соғысады [9, с. 107]. Әйтсе де, сол уақытта Қоқан ханы Құдияр мен Ташкент бегі Мәлібектің арасындағы өзара таластар, Ұратөбе билеушісі Абду-Гафардың Құдияр ханға қарсы шығуы сияқты Қоқан хандығының өз ішіндегі бытыраңқылық Ақмешіт бекінісінің Ресей империясының иелігіне тез өтуіне ықпал жасайды. Бірақ, осыған қарамастан, ташкенттіктер Ақмешітті қорғап жатқан өз қандастарына көмекке әскерлерін жібере



алады. Қоқандықтардың күшті әскері Ақмешітке қарай көмекке келе жатыр деген хабар алғаннан кейін, В. А. Перовский жолдағы өткелдерден қоқандықтарды өткізбеу үшін, күшейтілген орыс әскерлерін жібереді де, генерал Падуровқа Жөлекті алуды тапсырады [9, с. 109].

Генерал Падуров Жөлекті алып, жағдайы жеңілдегеннен кейін, В. А. Перовский Санкт-Петербургтен алып келген галваникалық құралдарды қолдану арқылы Ақмешіт бекінісінің қабырғасын бұзып қиратады да, күшті артиллериялық атқылауға ұшыратады [10, с.165]. Осыдан кейін ғана, В. А. Перовский бекіністегілердің берілуге дайын тұрғанына қарамастан 27 шілдеде 3 мыңдай жақсы қаруланған әскермен бекіністің ішіне басып кіреді. Ақмешіт үшін болған шайқаста қорғаушылардан 206 адам өлсе, 35 адам жарақаттанса, орыстар жағынан 9 адам өліп, 16 адам ауыр жарақат, 30 адам жеңіл жарақат алған [11, с. 54]. Деректерге назар аударсақ, тұтқынға түскен 74 қоқандықтың біреуі ғана бұхаралық саудагер

болса, қалғандарының барлығы да сол жердің қазақтары болып шыққан және олардың бәрі де орыс билігіне қарсы шықпаймыз деген уәде берген соң ауылдарына қайтарылған [11, с.55].

Ақмешітті басып алған патша өкіметі бекініске мыңгажуық әскермен бірге 16 зеңбірегі бар күшті гарнизонды орналастырады да 26 тамызда І Николай Ақмешіт бекінісін Орынбор генерал-губернаторының құрметіне «Перовский» форты деп өзгертеді [6, 98 б]. Осылайша В. А. Перовский бастаған орыс әскерлерінің Сыр бойына жасаған басқыншылық жорығы Ресей империясы үшін әскери стратегиялық және саяси – экономикалық жағынан аса маңызды болды.

Яғни, орыс әскерлерінің Ақмешітті басып алуы Ресей империясының иелігіне 500 шақырымдық жерді қосып қана қойған жоқ, енді бүкіл Кіші жүз қазақтарының жайлауларымен бірге қыстауларына да бақылау жасауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, Ақмешіттің алынуы патша әкімшілігіне Орынбордан Ташкентке баратын



сауда жолдарына иелік жасауына және билігіне өткен Кіші жүз қазақтарынан жинаған түтін салығы қазынаны толтыруға септігін тигізді. Дегенмен Ресей империясының Еуропалық мемлекеттермен «Шығыс мәселесі» бойынша туындаған Қырым соғысының басталуы патша үкіметінің Сыр бойына қарай жасаған басқыншылық соғыстарын уақытша тоқтатуға мәжбүр болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. 90 Құсайынұлы Қ. Қазақ шаруашылығы отаршылдық дәуірінде.- Алматы: Дәнекер, 2001.- 120 б.
2. 91 Киняпин А. С. Блиев М. М. Дегаев В.В. Кавказ и Средняя Азия во внешней политике России.- Москва: МГУ, 1984.-328 с.
3. Амитов А. Поход Перовского в Хиву //Общественные науки в Узбекистане. №7. 1969. С. 50-55.
4. 66. Мадуанов С. Взаимоотношения казахов с другими соседними народами Центральной Азии в XVIII- нач XX вв. - Алматы: Білім, 1995. - 290
5. 22 Шеманский А.И. Боевые фронты государства и управление ими. // ВС. 1861. №5. С.10-31.
6. 77 Сайфулмаликова С.С. Царизмнің XIX ғасырдың 30-50 жылдарындағы Сыр бойымен іргелес өңірдегі әскери-саяси қимылдары және оның салдарлары. Тарих. ғыл. канд. дисс. -Алматы, 1998. 132 б.
7. 134 Водопьянов В. Оренбуржцы в Туркестане // ВИС. - 1915. - №2. - С.135-165.
8. 137 Захарьин (Якунин). Начало завоевания Коканда // ИВ. - 1901. - №6. - С.80-195.
9. 37 Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии // Соч.: в 3 т. – СПб.: Типо-литография В.В. Комарова, 1906. – Т.3. – 496 с.
10. 6 Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб.: Воен. типография, 1890. – 380 с.
11. Байхожаев А.Ж. Сырдаринская военно-политическая линия в системе колониальной политики царизма в Северном Приаралье и Южном Казахстане (40-60 г. XIX в). Дисс. канд. ист. наук. - Алматы, 1999. - 164 с.
- 12.Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағат 715 – Қор, 1- тізбе, 14 –іс.

**Қолына қалам ұстаған зиялы қауымдар жайлы әзіл-қалжың әңгімелер ел-арасында жетіп артылады. Осыған орай, қазақы қалжыңның түбін түсіріп, ойларын әдемі әзілмен жеткізе білген жандардың ауыздарынан шыққан әңгімелері назарларыңызға ұсынылып отыр.**

Қызылорда жақта баяғыда сыйлы бір кісі қайтыс болып, ол кісінің қазасына халқымыздың сүйікті ақыны Асқар Тоқмағамбетов те (1905–1983) қатысады. Соңынан үйге қайтып келе жатқан кезде бұжыр бет, масаңдау бір жігіт ақынға тиісіп, көргенсіздеу бір сұрақ қойыпты:

– Асеке, сіз ажалдан қорықпайсыз ба, соңғы кезде ауырғыштап жүр деп естимін? – дейді тілін шайнап мүләйімсіп.

Сонда Асекең бар денесімен бұрылып, әлгі сұрақ қойған жігіттің бетіне бажырая қарапты да:

– Шырағым, іріген ауыздан, шіріген сөз шығады. Шіріген сөзді біреу мастықпен айтады, біреу қастықпен айтады. Қастықпен айтқандардың сен секілді бетінің бұжыры, ішінің қыжылы, арақ пен шарапаттың қызуы болады, – депті.

\*\*\*

Көрнекті аудармашы, француз әдебиетінің тамаша білгірі, Бальзактің, Мопасанның бірнеше шығармаларын қазақ тілінде «сөйлеткен» Хасен Өзденбаев 80 жасқа толып, астаналық бір ресторанда үлкен той жасапты. Хасекең сексенге келсе де, томағалы бүркіттей сыр бермеген, түзу жүріп, тік отыратын, шашына қылау түспеген келбетті кісі екен. Сөз кезегі тигенде ол кісіге ақын Сырбай Мәуленов былай деп тост көтеріпті:

– Өзденбайдың Хасені,  
Жан біткеннің әсемі.  
Ақ түспеген шашына,  
Сексенде де жас өңі...  
Тиді ме әлде, кім білсін,  
Мопасанның әсері.

\*\*\*

Медицина ғылымдары академиясының корреспондент мүшесі, профессор, қазақ жастарына тәрбиелік мәні зор «Қырық сұрақ» кітабын жазған әйгілі ғалым-дәрігер Ишанбай Қарақұлов (1909–1992) әзіл мен қалжыңға келгенде алдына жан салмайтын өткір, тілге де шешен кісі болған екен. Ишекең жетпістің төріне шыққан шағында, бірде таяғын тықылдатып Алматының көшесін қыдырып жүріп, қызықтап

«Мұхит» дүкеніне кіріп кетеді. Заманның кең кезі ғой, бір бұрышта суға толы бөшкелерді бірінен соң бірін тізіп қойып, ішінде жүзіп жүрген балықтарды ожаумен сүзіп, тірі күйінде шоршытып сатып жатады. Кезегі келген кезде бөшкеде жүзіп жүрген балықтарды шұқып көрсетіп:

– Девушка, скажите пожалуйста, у вас эти рыбы свежие? – деп сұрапты.

Сатушы қыздың басына қан шапшып, көзі атыздай айналып, шамданып, қалады.

– Вы что, старик, не видите что ли, они же живые? – дейді шаптығып.

Сонда Ишекең келіспегендей басын шайқап, сабырмен:

– Ну и что же? У меня дома старуха есть... Она тоже живая, но далеко не свежая, – депті де, кезекте тұрған жұртты қыран-топан күлкіге батырып, дүкеннен шығып жөнеліпті.

\*\*\*

Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан ақиық ақын Абдолла Жұмағалиев (1915–1942) 1939 жылы Қызылорда қаласына жұмысқа барады. Пәтер табылғанша алғашқы бірер күн мейманханада жатады. Бірде таңертең ояна келсе, мейманхана әкімшілігі бұдан сұрамай түнде үстіне бір адамды кіргізіп жіберіпті. Көрші керуетте керуетте бөтен біреудің пысып ұйықтап жатқанын көреді. Абдолла атып тұрып, әлгі жігіттің көрпесін жұлып алыпты да:

– Әй, ұйқышы, өмір деген не? – деп айқайлап сұрақ қойыпты. Ана жігіт не болғанын түсінбей, тілі күрмеліп, көзі жыпылықтап, бүрісе түседі.

Сонда Абдолла көрпені былай серпіп тастап, шабыттана қолын сілтеп:

– Өмір деген өрелі шың, адам деген тасбақа... Сол шыңға қарай жанталаса өрлейді жұрт қырқысып, бәрібір жете алмайды тырмысып... Солай, қарағым, ендеше бар ма арағың? – деген екен.

Әзірлеген  
Сезім ЖҮСІПҚЫЗЫ

## «Дала театрының» ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫРЫ

Театр өнері қай кезде де өзінің құндылығын еш жоғалтпақ емес. Өнер десе, ішкен асын жерге қойып, өнер сүйе білген халық бұны жақсы түсінетіні жасырын емес.

Ал, «Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театры» елордамыздағы ең үздік театрлардың бірі десек қате айтқандай болмаспыз. Аталмыш театрдың қазіргі таңдағы дамуына байланысты аз-кем әңгіме өрбітуді жөн санадық.

«Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театрының» тарихы қазақ елінің тәуелсіздігімен түйедей құрдас десек те болады. Әу баста өнер ордасының қабырғасын тұрғызу оңай шаруа емес еді. Режиссер Жақып Омаров театрға еліміздің барлық өңірлерінен өнер майталмандарын шақырды. Себебі, ол кісінің мойнына ауыр жүк артылды, атқарылар шаруалар қыруар еді. Жақаңның ұлылығының және өнерге деген жанашырлығының арқасында театрға тартылған өнер қырандары әлі күнге дейін осы киелі шаңырақтың бетке ұстар азаматтары мен азаматшалары болып жүр. Театр өзінің алғашқы жүлдесін 1996 жылы Уфа қаласында Түркітілдес мемлекеттер арасында өткен Халықаралық «Туғанлық» театр фестивалінде жеңіп алған болатын. Онда Ш. Хұсайыновтың «Алдар Көсе» музыкалық комедиясы лауреат атанды. Ресейдің мүйізі қарағайдай сыншыларының алдында ұлттық нақышта қойылып, өз беделіне ие болған қойылымдардың бірі. Ұлттық музыкалық комедиясы бар қойылым болып есептеледі. Жақып Омаров ағамыз әлемдік сахнаға осылайша аяқ басты. Тарихта алтын әріппен жазылған ұлы тұлғалар мен батырларымыздың бейнелері сомдалған қойылымдарымен де театр көремендердің алдына жиі шықты. Керек кезінде ұлттың рухын оятқан Жақып Омаров осылайша «Дала театры» деген ұғымды бірге алып келді. Қазақ халқына жасаған үлкен ерліктерінің бірі десек

қате айтқандай болмаспыз.

Театрдың шығармашылық құрамында мемлекетімізге еңбегі сіңген өнер қайраткерлері қызмет етіп жүр. Барлық ғұмырын театр саласына арнап, күндіз-түні жаттығу мен көп үйренуге талпынып жүрген актерлар жайлы бөле-жарып айту дұрыс емес шығар. Себебі, театр қызметі – оңай бүгіліп, иіле салатын дүние емес.

Ең алғаш рет сахна шымылдығын театр қызметкерлері Ғ.Мүсіреповтың «Ақан

сері – Ақтоқты» трагедиясымен ашқан болатын. Бұл трагедияны таңдап алудың сырын былайша түсіндіруге болады. Театрдың негізін қалаушы дарынды режиссер Жақып Омаров өте кең, әнді керемет орындай алатын, сұлулыққа әуес жан еді. Алдыңғы кезекте сол себептен Ақандай сұлу ақын, әнші,



композитордың бейнесін сомдау керек болды. Жауһар туындылардың бірі десек болады. Жаны сұлу жандарды аласапыран заманда кездестіре қою қиын. Ал, трагедияда сондай жандардың тоғысқан тағдырлары көрсетілген. Жалаң сөз жоқ, тек қана тартыс бар. Әрі музыкалық шығарма болып есептелінеді. Кейбір ән арқылы қойылған спектакльдердегі сомдалған кісілердің тағдыры әннің астында қалып қоятыны бар. Бұл жерде тарихи тұлғаның бейнесі ашылған, өмір шындығы бейнеленген.

Театр өнері халыққа қызмет етеді. Ол белгілі жағдай. Бірақ, өз қазаныңда ғана қайнап, барды көрсетпеу қателік болар еді. Өнер – тірі организм.



Оның шарықтау шегіне де жететін немесе саябырлайтын кездері де болады. Кісінің көңіл-күйі сияқты бірде қуанышты, бірде қайғылы. Шығармашылық деңгейінің өсуін қаматамасыз ету үшін міндетті түрде өнер ұжымының гастролдік сапарларға шығып тұрғаны дұрыс. Қысқаша айтқанда, шеберлік сыныбынан сабақ алғандай. Гастролдік сапарлар сахналық қызмет пен алмасу тәжірибесін береді. «Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық драма театрының» іс-сапарларға жиі шығып тұруы да сондықтан.

Театр көрерменге ой салатын орын болғандықтан, он адам ғана көріп, тұщынып кетсе соның өзі жеткілікті, болар бәлкім. Еңбектің ақталғаны деп ұғынармыз. Бірде кезекті спектакль бітісімен Әзірбайжан Мәмбетовке бір көрермен жақындап келіп, былай деген екен: «Мен ертең ауылға анама барамын. Көптен хабарын білмеген едім. Бүгінгі қойылым мені сондай ойға қалдырды. Рахмет сізге!». Осыдан кейін Әзекең «менің қойылымымның ақталғаны» көпке дейін деп айтып жүрген екен.

Мәселен, «Жалын жұтқан Жанна д'Арк» қойылымын алайық. 18 жасар қыздың бір ұлтты дүр сілкіндірудегі бейнесі қалай сомдалды? Әбден намысы тапталған ұлтының намысын және қаһармандығын ояту. Ұлтының бәзбіреулерге тәуелді өмір сүргенін қаламайтындығы жайлы қиғада бастан-

аяқ баяндалады. Тәні өртелгенімен, жаны француздармен мәңгілікке қалды. Көрермендер бұл қойылымға қазір діттеген жерінен шықты деп баға беруде. Жаннаның рөлін сомдаған 2 актриса да өнердің биік шыңына шыққан актрисалар болып танылды. Ұлтты біріктіріп, оған ой салу үшін дәл осындай қойылымдардың болуы қажет.

Алдымен театрдың өзіне тән әлеуеті, мүмкіндігі болады. Мәселен, режиссер бір қойылымды сахнаға шығаруы мүмкін. Бірақ, сол қойылымдарды алып шығатын актеры немесе актриасасы болмауы мүмкін. Сол себептен кей театрлар біраз қойылымдарды көрермендер назарына ұсынуға бара бермейді.



Театрдың әр жылдары иеленген жүлделері мен үздік қойылымдарының тізбелері:

- 1999 жылы Каир қаласында өткен дүниежүзілік Театрлар фестиваліне қатысуы;

- 2000 жылы Германия Федеративтік Республикасының үлкен бес қаласына гастрольдік сапары;

- 2001 жылы Ресей Федерациясының Омбы қаласында Астана қаласы театрының онкүндігін өткізуі;

- 2002 жылы Астана қаласының Мәскеуде өткен өнер күндерінің аясында Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» спектаклімен «Моссовет» театр сахнасына шығуы;

- 2010 жылы қаңтар айында Иран Республикасы, Тегеран қаласында Мәдениет Институтының ұйымдастыруымен өткен Фаджр атындағы Халықаралық театр фестиваліне Мұхтар Әуезовтің шығармасымен үздік деп танылуы;

- 2010 жылы Қарағанды қаласында өткен XVII Республикалық театр фестивалінде режиссер Нұрлан Жұманиязов сахналаған «Үйлену» спектаклінің жүлделі 2-ші орынды иеленуі;

- 2010 жылдың қыркүйек айында театр Тараз қаласында өткен Республикалық XVIII Қазақстан театрларының фестиваліне А. Дударевтің «КЕШ» (қойылымның режиссері ҚР еңбек сіңірген қайраткері Болат Ұзақов) драмасымен барып Гран-при иеленуі;

- 2011 жылы Шымкент қаласында 25–27 наурыз аралығында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Халықаралық театр күніне арналған «Театр көктемі – 2011» республикалық аймақтық театрлар фестивалінде «Сен үшін» комедиясының «Ең үздік қойылым» номинациясын жеңіп алуы;

- 2011 жылдың 23–26 сәуір аралығында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған Ұлттық театрлардың республикалық фестивалінде – Д. Рамазанның «Кенесары – Күнімжан» драмасының «Ең үздік ұлттық авторлардың драматургиясы үшін» және актер Сырым Қашқабаеттың «Ең үздік ер адам бейнесі» атты номинацияларын жеңіп алуы;

- 2012 жылдың 16–24 қыркүйек аралығында Орал қаласында өткен Ә. Мамбетовтің 80-жылдығына арналған Қазақстан драма театрларының XX-Республикалық фестиваліне Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері - Ақтоқты» трагедиясымен қатысып, «Қадыр Мырзалиев атындағы» арнайы сыйлықты және Науан бейнесін сомдаған актер, ҚР халық артисі Тілектес Мейрамов «Ең үздік ер бейнесі» номинацияларын иеленуі;

- 2012 жылдың 1–5 қазан аралығында Қостанай қаласында І. Омаровтың 100-жылдығына арналған Республикалық Театрлар фестиваліне – Ж. М. Шевренің «Ізгілік формуласы» атты комедиямен қатысып, «Ең үздік әйел» номинациясына ҚР еңбек сіңірген қайраткері Лейло Бекназар-Ханинг мен ҚР еңбек сіңірген артисі Жанат Чайкина және «Үміт» номинациясы бойынша жас актриса Айнұр Жетпісбаеваға берілуі;

- 2012 жылдың 20–26 қазан аралығында Алматы қаласында Орталық Азия Мемлекеттерінің IV Халықаралық Театрлар фестиваліне әлемдік классиканың хас шебері, ұлы драматург У. Шекспирдің «ГАМЛЕТ» трагедиясымен қатысып, аталмыш спектакльге ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Орталық Азия мемлекеттерінің IV Халықаралық Театрлар фестиваліне қатысқаны үшін Алғыс хаттың табыс етілуі мен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, актер – Өтеуілов Нүркеннің «Ең үздік ер бейнесі» номинациясын жеңіп алуы;

- 2012 жылы 10–16 қараша аралығында Түркия Мемлекетінің Стамбул, Анкара қалаларында Думан Рамазанның «Кенесары - Күнімжан» драмасын түрік тілінде сахналап қайтуы;

- 2013 жылдың 23–29 қыркүйек аралығында Ақтөбе қаласында Қазақстанның Халық жазушысы, драматург – Т. Ахтановтың 90-жылдығына арналған Қазақстан драма театрларының XXI-Республикалық фестиваліне Ш. Мұртазаның «Бір кем дүние» драмасымен қатысып «Ең үздік актерлік ансамбль» номинациясын иеленіп келуі;

2011 жылы 14 желтоқсанда театр ұжымына «Мемлекеттік академиялық театр» мәртебесі берілді.



Скульптура «Мыслитель». Литье. Бронза. Репродукция из музея Родена. Знак «R» и надпись «Reproduction – musee Rodin – Paris» гарантирует подлинность репродукции.

Скульптура из Музея Первого Президента.

## Скульптура «Мыслитель»

Это самая известная скульптура мастера. Здесь, как и в многих работах Родена, сказались его увлечение Данте и «Божественной комедией», а также традициями Микеланджело. Над «Мыслителем» Роден трудился два года – с 1880 по 1882-й. Оригинал скульптуры экспонируется в музее Родена в Париже. По первоначальному замыслу автора скульптура называлась «Поэт» и была частью композиции «Врата ада».

Со временем замысел Родена усложнился, образ Данте сменился универсальным образом творца. Роден наделил своего героя физической мощью, однако исполнил его подчёркнуто аллегоричным, не имеющим реальных прототипов. Позировал Родену один из его любимых натурщиков, француз Жан Бо, с которого он делал многие свои скульптуры. Молодой человек занимался боксом, участвовал в боях в квартале красных фонарей в Париже. У него было идеальное тело и сильная мускулатура. Впервые «Мыслитель» был публично выставлен в 1888 г. в Копенгагене. В 1906 г. бронзовый «Мыслитель» был установлен в Пантеоне. При этом Роден, выступавший на открытии, заявил, что «Мыслитель» является памятником французским рабочим. В 1922 г. эту бронзу перенесли в музей Родена в Отель Бирон. Существует более 20 бронзовых и гипсовых копий статуи в разных городах, разбросанных по всему миру. В частности, бронзовая копия скульптуры установлена на могиле скульптора в Мёдоне, пригороде Парижа. Другие копии «Мыслителя» установлены у ворот филадельфийского музея Родена и у ворот Колумбийского университета.

**Под одноименным названием в Органном зале Казахского национального университета искусств прошел концерт оркестра казахских народных инструментов Государственной филармонии города Астаны. Вечер стал настоящим подарком для истинных ценителей народной музыки.**



## Нағыз қазақ – домбыра!

«Нағыз қазақ – домбыра». Эти слова великого казахского акына Кадыра Мырза-али легли в основу музыкального вечера. И надо отдать должное таланту сценариста, умело подобравшего музыкальные произведения, как нельзя точно и полно отражавшие основную идею концерта: для казахского народа домбра – не просто инструмент, она выразитель его дум, мечтаний, чаяний, летописец его жизни, свидетель побед и трагедий, сказитель правды, у которой нет и не может быть цены.

Неслучайно концерт открыл знаменитый кюй Курмангазы «Сарыарқа» («Золотая степь»). «Глубокие», звонкие, насыщенные, «яркие» звуки домбры – и перед глазами встает широкая казахская степь с ее бесконечным горизонтом, поющим ковылем, вольными ветрами, бездонным небом с мерно плывущими облаками и образ вольного кочевника верхом на лихом аргамаке.

Все последующие номера предваряли содержательные ремарки о степных легендах, связанных с домброй. Согласно одной из них великий хан Абылай был не только мудрым правителем, искусным дипломатом, но и хорошим домбристом и автором множества кюев, дошедших до наших дней, но, к сожалению, малоизвестных. Поэтому вполне логично, что кюй Абылай хана «Қайран елім» занял свое достойное место в композиции концерта.

Кроме того, гости получили возможность познакомиться с видами домбры, стилями исполнения на ней, присущими тому или иному региону, и домбровыми школами, существовавшими в Казахстане.

В программу вечера вошли произведения Кенена Азербая («Домбыра»), Таттимбета («Сарыжайлау»), Курмангазы («Серпер»), Нургисы Тлендиева («Ақсақ құлан», «Әлқисса»), Ахмета Жубанова («Би»), Мукагали Макатаева («Дариға-ай, домбырамды берші маған»), Айткали Жаимова («Толғай бер, домбырам»), народные кюи. Сольные партии и номера исполнили Кайрат Байбосынов, Данияр Мукан, Ерлан Рыскали, Жазгүль Данылбаева, Сымбат Тасбергенова, Гульзира Бокейханқызы.



**Асель КАСЫМОВА**



## «ASTANA PIANO PASSION»

– звездопад  
классической  
музыки

Международный фестиваль классической музыки, в рамках которого проходят сольные концерты звезд фортепианного искусства мировой величины и конкурс юных пианистов «Astana Piano Passion» впервые прошел в Астане в мае 2013 года. Фестиваль-конкурс вызвал высокий интерес публики из разных стран мира. Не раз звучали положительные отзывы музыкальных критиков, внимание профессиональных педагогов и музыкантов также было приковано в эти дни к столице Казахстана – Астане. Благодаря этому, у жителей и гостей столицы появилась уникальная возможность посетить концерты и мастер-классы лучших пианистов и педагогов современности. Все мероприятия, проходили на крупнейших и современнейших концертных площадках Астаны – во Дворце мира и согласия, концертных залах «Шабит» и «Казахстан». У каждого юного конкурсанта была возможность громко заявить о себе на весь мир.

Фестиваль и конкурс юных пианистов уникальны тем, что дают возможность не только наладить международные связи в области культуры и поддержать юные таланты, но и пропагандируют классическую музыку среди молодежи и популяризируют музыку казахских композиторов. Редкие произведения отечественных авторов включены в обязательную программу конкурса. Молодые музыканты из разных стран должны исполнять эти произведения наизусть, при этом произведения звучат восхитительно и каждый раз по-новому.

Первый Международный фестиваль классической музыки и конкурс юных пианистов «Astana Piano Passion» стал главным культурным событием года не только для столицы Казахстана, но и для других государств мира. Организатором конкурса выступил Общественный фонд «Accordi di Astana» при поддержке акимата Астаны и Московской филармонии. С 10 по 16 мая 2014 г. состоится Второй Международный фестиваль классической музыки “Astana Piano Passion”, в рамках которого пройдет традиционный конкурс юных пианистов. Судить талантливых детей из более 20 стран мира будут выдающиеся пианисты

из Казахстана, России, Франции и Южной Кореи. Как и в прошлом году, в состав жюри войдут шесть пианистов – сильнейших педагогов и известных деятелей культуры. Среди них член Совета при Президенте РФ по культуре и искусству Екатерина Мечетина, профессор Национального университета в Сеуле Хюнг-Джун Чанг, пятикратный обладатель Гран-при за лучшую пластинку и преподаватель Парижской консерватории Мишель Берофф. В составе жюри, как и в 2013 году, будут присутствовать: Народная артистка Республики Казахстан, ректор Казахской Национальной консерватории им. Курмангазы Жания Аубакирова, генеральный директор Театра оперы и балета «Астана-Опера» Толеген Мухамеджанов и заслуженный артист России, профессор Московской государственной консерватории им П. И. Чайковского Валерий Пясецкий. Седьмым и почетным членом жюри будет Денис Мацуев.

Выдающиеся пианисты и педагоги в течение 7 дней будут давать в Астане сольные концерты, создавая в городе атмосферу праздника, гармонии и феерической музыки.

Жанар Колбачаева

## Сильны национальным духом

**Дух Великой степи... О нем слагали легенды, его воспевали в своих поэтических строках акыны, перед ним трепетали враги, ему поклонялись народы. Каждый кочевник ощущал его всем своим нутром, бережно, подобно зенице ока, храня и передавая этот негасимый огонь сердца своим потомкам. Кажется, он незрим, но тот, кто хоть раз увидит лихих джигитов, вступающих в конное состязание, бесстрашных палуанов, обладающих недюжинной силой и ловкостью, или беркутчей, искусно управляющих полетом хищной птицы, поймет всю силу национального духа казахского народа.**



Казахский народ издавна славился богатством и разнообразием национальных игр. Практически все они дожили до наших дней, благодаря бережному и трепетному отношению наших предков к ним.

Уже 10 лет в республике действует одно из самых мощных, массовых и авторитетных общественных объединений – Ассоциация национальных видов спорта (АНВС) РК, созданная в свое время на базе Федерации национальных видов конного спорта РК. В настоящее время в ее состав входит 27 федераций (федерации конного спорта, кокпар, жекпе-жек, тогыз кумалак, казак куреси и др.) и более одного миллиона членов.

По последним статистическим данным, национальными видами спорта в Казахстане регулярно занимаются около 300 тысяч человек. При этом число приверженцев национальных игр растет из года в год.

– Тогызкумалаком сегодня увлекаются 80 тысяч казахстанцев. Более 100 тысяч человек – поклонники казак куреси. Свыше 10 тысяч человек являются кокпаристами. По республике в настоящее время действуют 19 ипподромов, 14 конных заводов, 13 конно-спортивных школ, – отмечает первый вице-президент Ассоциации национальных видов спорта, президент Федерации национальных видов конного спорта, заслуженный деятель РК Садыбек Тугел.

В целом географически по республике национальные виды спорта развиваются равномерно, но вместе с тем ряд регионов (Алматинская и Восточно-Казахстанская области и город Астана) выбились в лидеры. Как пояснил собеседник, в первую очередь, здесь главную роль играет климатический фактор. К примеру, суровый климат севера не позволяет его жителям заниматься национальными видами спорта на протяжении всего года. Так, Алматинская область – законодатель по байге, а в Южно-Казахстанской и Жамбылской областях более развит кокпар. В силу благоприятных природных условий здесь живут целые поколения, династии наездников,

кокпаристов. На западе же страны – в Мангистау, Атырау, Уральске, Актобе – национальные игры обретают всё большую популярность. Но самое главное то, что сегодня наблюдается повсеместное возрождение национальных видов спорта. Впрочем, иначе и быть не могло, уверен собеседник. Ведь это традиции, быт, менталитет, дух нации, который невозможно утратить.

Об этом свидетельствует и число (до 200), а также статус мероприятий, которые ежегодно проводятся под эгидой АНВС. Это международные турниры с участием спортивных команд Китая, Монголии, Узбекистана, Таджикистана, Кыргызстана и других стран. При этом казахстанцы, участвующие в международных соревнованиях по национальным видам спорта, демонстрируют высокий уровень профессионализма. Так, в 2012 году в Фестивале национальных игр, прошедшем в городе Денизли (Турция), казахстанские кокпаристы завоевали первое место.

Столь значительные успехи национальных видов спорта и рост числа их сторонников без сомнения не должны оставаться без внимания государства.

– Самой существенной поддержкой, – уточняет первый вице-президент АНВС, – было бы принятие Закона РК «О национальных видах спорта» (соответствующий законопроект, разработанный Ассоциацией, находится в настоящее время в Парламенте страны – прим. авт.), который бы значительно повысил имидж и статус последних, а также позволил перевести финансирование отрасли на системные рельсы. Вместе с тем за последние два года сумма господдержки возросла, что помогает решать проблемы отрасли: острую нехватку тренеров и судей, отсутствие высших учебных заведений, дефицит спортивных школ и методических пособий, необходимость повышения уровня подготовки и проведения соревнований по